

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Халықаралық кеңестің
2019 жылғы 24 мамырдағы
хаттамалық шешімімен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы
Халықаралық кеңестің қылмыстық істерсіз сотқа айыптау актісін және
адвокаттардың – қорғау актісін жіберуінің халықаралық практикасы
туралы мәселе бойынша
ұсынымдары**

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Халықаралық кеңес туралы ереженің 4-тармағына сәйкес,

адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, қылмыстық процестегі айыптау мен қорғау тараптарының бәсекелестігі қағидатын дамыту бойынша шаралар қабылдауға бағытталған қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қағидаттарын сабақтастыра одан әрі іске асыруды көздейтін Қазақстан Республикасының 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының ережелерін негізге ала отырып;

қылмыстық сот ісін жүргізуді одан әрі оңайлату және тездету бойынша процестік қызметтің нысандары мен әдістерін жетілдіру қажеттігін мойындай отырып;

оң халықаралық тәжірибені атап көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Халықаралық кеңес **ұсынады:**

1. Айыптау бағытын болдырмау, тараптардың бәсекелестігі қағидатын шынайы қамтамасыз ету және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қорғау мақсатында қылмыстық іс материалдарын жолдамай, сотқа айыптау және қорғау актісін ұсыну жолымен қылмыстық сот ісін жүргізу нысандарын одан әрі жетілдіру мүмкіндігі қарастырылсын.

2. ҚР ҚПК-нің 9-тарауының, сондай-ақ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР Заңының шеңберінде дәлелдемелерді жинау және ұсыну бөлігінде сотқа дейінгі сатыда адвокаттардың өкілеттіктерін одан әрі кеңейту мүмкіндігі қарастырылсын.